



**«ШЫРШАНЫ ҚОРҒАЙМЫЗ ЖӘНЕ САҚТАЙМЫЗ!»  
жыл сайынғы акция аясында қолөнер мен жаңа жылдық композиция  
шығармашылық байқауларын жариялайды.**

Байқауды өткізу уақыты – тірі шыршаны кесуден қорғауға және сақтауға халықтың назарын аудару. Шығармашылық қызметті жандандыру арқылы экологиялық сана деңгейін арттыру

**НОМИНАЦИЯЛАР:**

**А) Жаңа жылдық композициялар** - бұл орманда кесілген ағаштың орнына бөлмені безендіру үшін қолдануға болатын (қабырға, үстел) әшекейлер. Мысалы, гүл шоқтары, оралған гүл шоқтары және т. б.

**Б) Қолөнер** – тірі шыршаның баламасы. Балама шыршалар, жаңа жылдық талисмандар болуы мүмкін (өз қолыңызбен жасалған жылдың символы, ең бастысы қоршаған ортаға зиян келтірілмеген).

**Байқауды өткізу тәртібі:** байқауды өткізу форматы – жеке. Жұмыстарды ғылым, мониторинг, экологиялық ағарту және туризм бөліміне әкелу қажет.

**Байқау алаңы:** «Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ табиғат мұражайы (Риддер қ. Семипалатинская к., 9)

**Қатысушыларға талаптар:** байқауға мектеп жасына дейінгі балалар, оқушылар, студенттер және жас шектеулерінсіз барлық тілек білдірушілер қатыса алады.

**Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімі:**

Өтінім мен материалдарды қабылдау 3.01 бастап 5.01.2024ж. (қоса) дейін  
Бағалау мерзімі 08.01 бастап 15.01.24 ж. (қоса) дейін.  
Марапаттау 17.01.2024 ж. бастап (естелік сыйлықтар және мақтау қағаздары)

**Жұмыстарға талаптар:**

1. Жұмысты қатысушылар өздері жасау керек. Жұмыс қатысушының жасына сай болу керек, ересектер көмекші, куратор бола алады.
2. Шығармашылық жұмыста негізгі тақырып көрінуі қажет- шығармашылық арқылы тірі шыршаны кесуден қорғауға тұрғындар назарын аудару;
3. Байқауға кез келген материалдан (табиғи заттардан- қағаз, тұқымдар, тастар және т. б.) және кез келген орындау техникасынан орындалған жұмыстар қабылданады;
4. Байқаудың жұмыстары қайтарылады.



## Байқау жұмыстарын бағалаудың критерийлері

- ✓ Шығармашылық идеяның өзіндік ерекшелігі
- ✓ Байқау тақырыбына жұмыстың сәйкестігі
- ✓ Автор қиялының алуандығы және шығармашылық тәсілі
- ✓ Көркем образдың тұтастығы
- ✓ Стандартты емес орындау техникасы мен көркем материалдарды қолдану
- ✓ Тақырыпты ашудың өзектілігі мен тереңдігі
- ✓ Автордың жасы мен жұмыс қатынасы (*жас санаттары: 3 жастан 6 жасқа дейін; 7 жастан 11 жасқа дейін; 12 жастан 18 жасқа дейін; 19 жастан жоғары*).
- ✓ Жұмысты ресімдеу талаптарына сәйкестігі

### Байқауға ұсыну қажет:

- 1.Өтінім
- 2.Шығармашылық жұмыс

*Өтінім нысаны*

## ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

1	Номинация : Жаңа жылдық композиция және қолөнер	
2	Қатысушының аты- жөні, тегі	
3	Оқу орнының немесе ұйымның толық атауы (қысқартылмаған)	
4	Жасы, сыныбы	
5	Ұялы телефоны	
6	Сертификаттар мен алғыс хаттарын жіберу үшін E-mail	

### Шығармашылық байқаудың жеңімпазын марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады. Жұмыстар жас санаттары бойынша бағаланады. Байқау комиссиясы байқау материалдарын қарау мерзімдерін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Жеңімпаздар қатарына кірмеген сайыскерлер қатысқаны үшін мақтау қағазын алады. Қолы мен мөрі бар құжат электронды түрде жіберіледі!

Мекен-жай: Шығыс Қазақстан облысы,

E-mail: [epit\\_zagpz@mail.ru](mailto:epit_zagpz@mail.ru)

Риддер қаласы

Жұмыс тәртібі: дүй.-жұма 08:00-17:00

Семипалатинская к. 9

Телефон: 8 (72336) 77287

Байқауда тек сәттілік пен жеңіс тілейміз!

2024





